

**«Жамбыл облысының әкімдігінің №4 «Үміт» арнайы мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Педагогикалық кеңес №1

(кезектен тыс)

ХАТТАМА №1

Қаратау к/сы

23/08-2024ж.

**Тақырыбы: «№4 «Үміт» арнайы мектеп-интернатында бастауыш,
негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметіне өзін-өзі бағалауды
жүргізу»**

Қатысқан педагогтердің саны: 59 адам (93%)

Қатыспағандар : 4

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы. (Баяндама: директор - А. Т. Кашкеева)
2. Өзін-өзі бағалауды жүргізетін комиссия құрамын құру, олардың жұмыс міндеттерін әзірлеу туралы. (дир. Оқу ісі жөн. орынбасары: М. К. Сейтжанова)
3. Білім беру процесіне бағалауды ұйымдастыру туралы.(дир. Оқу ісі жөн. орынбасары: М. К. Сейтжанова)
4. Онлайн форматта сауалнама жүргізуді ұйымдастыру туралы (дир.тәрбие ісі жөн. орынбасары Л. Ж. Жұматова)

1 мәселе бойынша;

Тыңдалды: Мектеп директоры А.Т.Кашкеева сөз алды:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру, тиісті жұмыстар жүргізу туралы баяндама жасады. Баяндама барысында «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ 2022 жылғы 27 желтоқсандағы 12 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарымен таныстырып өтті. Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылының жоспарына сәйкес 25-29 қараша айында №4 «Үміт» арнайы мектеп-интернаты мемлекеттік аттестаттаудан өтетін туралы ақпарат берді. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арналған арнайы ұйымының білім берудің мазмұнын талқылау, бағалау жұмыстарын жүргізу талаптарымен таныстырып өтті.

2-3 мәселе бойынша;

Тыңдалды: директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары М.К.Сейтжанова: «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ 2022 жылғы 27 желтоқсандағы 12 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бойынша мекемеде бұл жұмыстың ұйымдастыру бағыттарын құруға ұсыныстар, ескертулер берді.

Өзін-өзі бағалауды жүргізетін комиссия құрамын құру, олардың жұмыс міндеттерін әзірлеу туралы түсіндірді. Мектептің өзін-өзі бағалауы бойынша төмендегі құрамда комиссия құруды ұсынды.

- А.Т.Кашкеева – мектеп-интернатының директоры, комиссия төрайымы;
- М.К.Сейтжанова- комиссия мүшесі, директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- Л.Жуматова – комиссия мүшесі, директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- А.А. Асауов - комиссия мүшесі, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;
- Г. Ш. Қожабекова – комиссия мүшесі, әлеуметтік-педагог.

4-мәселе бойынша;

Тыңдалды: директорының тәрбие ісі жөн. орынбасары Л. Жұматова сөз алды. «Онлайн» форматта сауалнама жүргізу үшін ата-аналарға арналған және педагог қызметкерлерге арналған «ватцап чат» ұйымдастыруға ұсыныс берді. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының 2-тарау 6) п. сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының №4 «Үміт» арнайы мектеп – интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар компьютерлік тестілеу рәсімдерінен босатылатын туралы ақпарат берді. Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне аталған мәлімет беруге қажет деп хабарлады.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының №4 «Үміт» арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде

білім беру қызметіне 24/08-2024ж. бастап білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілсін.

2. «Өзін-өзі бағалау комиссиясы» төмендегі құрамда бекітілсін:

- А.Т.Кашкеева – мектеп-интернатының директоры, комиссия төрайымы;
- М.К.Сейтжанова- комиссия мүшесі, директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- Л.Жуматова – комиссия мүшесі, директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- А.А. Асауов - комиссия мүшесі, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;
- Г. Ш. Қожабекова – комиссия мүшесі, әлеуметтік-педагог.

3. Өзін-өзі бағалау қортындысымен 2024 жылғы 23-24 қыркүйек күні ұжым мүшелеріне таныстыру комиссия мүшелеріне тжәне қамқоршылық кеңес мүшелеріне таныстырылсын.

4. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының 2-тарау 6) п. №4«Үміт» арнайы мектеп – интернатының білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды компьютерлік тестілеу рәсімдерінен босатылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшы:



А. Т. Кашкеева

И. Жұманқұлова